

## БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

## Ашық ұйымдастырылған оқу қызметі "Ертегілер еліне саяхат"

ЖАРИЯЛАНДЫ  
26.05.2021

СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/98212/>

№2 «Айсұлу» бөбекжай-бақшасы Тәрбиеші Курманбаева Б.Т.

**Білім беру саласы:** «Қатынас», «әлеуметтік орта»

**Бөлімдері:** Көркем әдебиет, құрастыру

**Тақырыбы:** «Ертегілер еліне саяхат»

**Мақсаты:** Ертегідегі кейіпкерлерді атай білу, заттардын түсін, көлемін ажырата білу. Балаларға қойылған сурақтарға дұрыс жауап беріп, сөздік қорларын дамытып, тіл байлықтарын молайту. Сөздерді анық айтуға, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Достық пен жанашырлыққа тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: Шалқан, жеті лақ пен қасқыр, үйшік ертегі желісі бойынша суреттер ,аю, түрлі-түсті қағаз, желім, сүлгі, ақ қағаз.

Әдіс-тәсілдері: Дидактикалық ойын, сұрақ-жауап.

Үштұғырлық:

Әрекет кезеңдері	Тәрбишенің іс-әрекеті.	Балалардың іс-әрекеті.
<b>Мотивациялық-қозғаушылық</b>	<b>Шаттық шеңбері:</b> Шаттыққа толы жүрекпен Қуанамын мен де, (Өзін көрсетеді) Қуанасың сен де, (Жанындағы досын көрсетеді) Қуанайық достарым, (Бір-бірінің қолдарын ұстайды) Арайлап атқан күнге! (Қолдарын жоғары көтереді)	Шаттыққа толы жүрекпен Қуанамын мен де, (Өзін көрсетеді) Қуанасың сен де, (Жанындағы досын көрсетеді) Қуанайық достарым, (Бір-бірінің қолдарын ұстайды) Арайлап атқан күнге! (Қолдарын жоғары көтереді) Балалар тәрбиешімен бірге қайталап, қимылдар жасайды

<p><b>Ұйымдастырушы-лық-ізденушілік</b></p>	<p><b>Тәрбиеші:</b> Балалар бүгін біз ертегілер еліне саяхатқа барамыз. Онда қандай көлікпен барамыз балалар? Ендеше балалар автобуспен ертегілер еліне бармыз. Қане барлығымыз автобусқа отырайық. Ол үшін бізге билет керек. Күшіктер белгісі бар. Міне ертегілер еліне де келіп жеттік. — Балалар сендер ертегілерді жақсы көресіңдер ме? — Қане қандай ертегілерді білесіңдер? Атап беріңдерші?</p> <p>Балалар мына суреттерге қараңдаршы.Қандай ертегі? Мұнде не жетіспейді?</p> <p>Балалар шалқан мен бауырсақ қайда деп ойлайсыңдар? Апа мен ата сендерден көмек сұрайды.Бауырсақты тауып беріңдерші дейді. Ендеше қазір біз ертегілер елінен бауырсақты іздейміз. 1. Дидактикалық ойын. «Кім шапшаң».Столға ертегілерден алынған кейіпкерлер қойылады. Балалар сол кейіпкерлерді қай ертегіден алынғанын айтып, ағашқа іледі. 2. «Ғажайып қорапша».Ішінен мозайка шығады. Мына жерде мозайка жатыр соларды құрастырып, қандай ертегі екенін айту.Балалар 4 топқа бөлінеді. Бауырсақты тауып алады.Балалар бауырсақтың бізге арналған сұрақтары бар екен.Ол үшін алдымен бойымызды сергітіп алайық. <b>Сергіту сәті.</b> Асықпаймыз, асықпаймыз Карусельді біз бастаймыз Жүгіреміз, жүгіреміз Баяулаймыз, біз тоқтаймыз Бір, екі, бір, екі Ойын осымен бітті Балалар бауырсақты атасы мен апасына апарайық.Бірақ бауырсақтың бізге ойыны бар екен? Кольцо луллия:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Түлкі қайда өмір сүреді?</li> <li>2. Бауырсақты кім пісірді?</li> <li>3. Шалқанды кім екті?</li> <li>4. Бауырсақты не жеп өйды?</li> <li>5. Бақа қай ертегіде бар?</li> <li>6. Жеті лақтың анасы?</li> <li>7. Мынау қандай ертегі?</li> <li>8. Қоян неге жылап отыр? Қай ертегіден?</li> <li>9. Қоянға үйін алуға кім көмектесті?</li> </ol>	<p>— Автобус, машина, велосипед, ұшақпен</p> <p>— Балалар қуанады</p> <p>— Ия</p> <p>— Шалқан, бауырсақ, үйшік, қызыл телпек, қасқыр мен жеті лақ, тәтті ботқа</p> <p>— Бауырсақ ертегісі.Бауырсақ жоқ</p> <p>— Адасып кетті, түлкі жеп қойды</p> <p>— Алақай</p> <p>— Ия, табуға көмектесеміз</p> <p>— Қасқыр мен жеті лақ, үйшік, қызыл телпек, бауырсақ, шалқан, алдар көсе, қоянның үйі.</p> <p>— Қасқыр мен жеті лақ</p> <p>— Үйшік</p> <p>— Бауырсақ</p> <p>— Шалқан</p> <p>Асықпаймыз, асықпаймыз Карусельді біз бастаймыз Жүгіреміз, жүгіреміз Баяулаймыз, біз тоқтаймыз Бір, екі, бір, екі Ойын осымен бітті Балалар тәрбиешімен бірге қайталап, қимыл – қозғалыстар жасайды.</p> <p>Орманда Апа Ата Түлкі Үйшік Ешкі Қызыл телпек Қоянның үйі</p> <p>Әтеш</p>
---	---	---

<b>Рефлексиялық - түзетушілік</b>	Сұрақ-жауап арқылы сабақты пысықтау. — Балалар сендерге сабағымыз ұнады ма? — Бүгінгі сабақта не істедік біз?  — Қайда бардық? — Немен бардық?  сыйлыққа қалдырыпты.Балаларды мақтау, мадақтау.	Балалар жауабы тыңдалады. Ия  Бауырсақ пен шалқанды іздедік Ертегілер әлеміне бардық автобуспен  Балалар өздеріне ұнаған шарларды алады.
-----------------------------------	--	---

Қорытынды нәтиже:

Біледі: -Үшбұрыш және төртбұрыш туралы түсінікті.

Меңгереді: -Ертегілерді ажырата алады?

Игереді: -Ойынның шартын бұзбай ойнайды.

**ҚМ АА** Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.